

«Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының ғылыми жұмысы

«Өнеркәсіптік көлік» кафедрасы

«Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының ғылыми жұмысы және инновациялық жобалары

Кафедрада оқу жылында орындалған ғылыми жұмыстардың негізгі нәтижелері мен оларды оқу процесіне енгізу және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау:

1.1 Бастамашыл ҒЗЖ бойынша орындалған ғылыми жұмыстар

Тақырып атауы: AP14869550 Теміржол платформалары тасымалдайтын контейнерлерге астық жүктерін тиеуге арналған стационарлық көтергіштің дизайнын әзірлеу және зерттеу.

Орындауға арналған негіздеме: 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру (ҚР БҒМ).

Ғылыми жетекшісі: Балабаев О.Т. т. ғ. к., профессордың м.а.

Негізгі нәтижелер: ANSYS қолданбалы бағдарламасының бағдарламалық ортасында стационарлық көтергіш бойынша эксперимент жүргізілді. Эксперименттік зерттеулер негізінде стационарлық көтергіштің негізгі құрылымдық параметрлерін таңдау жүзеге асырылды.

Осы тақырып бойынша:

- стационарлық көтергіштің әзірленген конструкциясына ҚР патенті алынды;
- шетелдік баспада 1 монография жарияланды:

Балабаев О.Т. Теміржол платформаларында астық жүктерін контейнерлерге тиеуге арналған стационарлық көтергіштің дизайнын әзірлеу және зерттеу. - Ташкент мемлекеттік көлік университетінің Ғылыми кеңесі (03.02.2024 ж. № 7 хаттама), 100 бет.

3) Студенттердің өндірістік және диплом алды практикасы (баяндамашылар: ҚарТУ-дан Асқаров Б.Ш. - PhD, ӨК кафедрасының меңгерушісі; «Qarmet» АҚ ҚБТУ-дан Мануйленко А.Н. – «Qarmet» АҚ ҚБТУ бастығы).

4) Кәсіптік бағдар беру жұмысы (баяндамашылар: ҚарТУ-дан Қосбармақов С.Ж. – ғылым магистрі, ӨК кафедрасының аға оқытушысы; «Qarmet» АҚ ҚБТУ-дан Мануйленко А.Н. – «Qarmet» АҚ ҚБТУ бастығы).

5) Түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету (баяндамашылар: ҚарТУ-дан Асқаров Б.Ш. - PhD, ӨК кафедрасының меңгерушісі; «Qarmet» АҚ ҚБТУ-дан Мануйленко А.Н. – «Qarmet» АҚ ҚБТУ бастығы).

6) Білім беру бағдарламасын жаңарту (баяндамашылар: Балабаев О.Т. - ҚарТУ, «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасы профессорының м.а. т.ғ.к; «Qarmet» АҚ ҚБТУ-дан: Мануйленко А.Н. – «Qarmet» АҚ ҚБТУ бастығы).

1.3 Студенттермен жасалған ғылыми жұмыстар

Кафедрада кафедра доцентінің м.а., к.т.н. Рожков А.В. мен профессордың м.а., к.т.н. Балабаев О.Т. жетекшілік ететін «Өнеркәсіптік көлік» атты 1 студенттік ғылыми үйірме жұмыс істейді. Бұл үйірмелердің жұмыс жоспарына сәйкес, 12 магистрант пен 17 студент кафедраның «Өнеркәсіптік көлік» тақырыбы бойынша диссертациялық және дипломдық жұмыстарын орындауға қатысады. Дайындалған жобалар: кірме жолдары бар теміржол станциясының имитациялық моделі; сұрыптау теміржол станциясының имитациялық моделі. Магистранттар мен студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындап, жыл сайын өтетін ҒЗЖ, сонымен қатар ҚарТУ-дың Республикалық студенттік ғылыми конференциясы мен ҚарТУ-дың Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына (Сағинов оқулары) қатысады.

Бастамашыл тақырыптар бойынша зерттеулерге 2 докторант қатысуда. Студенттер мен магистранттармен бірге жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Ө.Сағинов атындағы ҚарТУ-де 11-12 сәуір 2024 жылы өткен «Жастар ғылымының «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асырудағы үлесі» Республикалық студенттік ғылыми конференциясына 36 мақала тезис ұсынылды.

Марапат: Ө.Сағинов атындағы ҚарТУ-де 2024 жылдың 11-12 маусымында академик Қ.И. Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Жастар ғылымының «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асырудағы үлесі» Республикалық студенттік ғылыми конференциясына белсенді қатысқаны үшін ОП-22-1 тобының студенті Қуан Ф.С. (ғылыми жетекшісі – магистр, ПТ кафедрасының аға оқытушысы Атькен Е.) марапатталды.

Жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары. Университет ішілік кезең 2024 жылдың 21 ақпанында өтті.

2 орын: ОП-21-2с тобының студенті Берікбол Мәди Өмірсерікұлы 2023-2024 оқу жылында Ө.Сағинов атындағы ҚарТУ базасында өткізілген Республикалық ҒЗЖ конкурсының **1-кезеңінде** «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» бағыты бойынша 2-орын алды,. Ғылыми жұмысының тақырыбы: «Қарағанды агломерациясы көлігінің негізгі көрсеткіштерін болжау». Ғылыми жетекшісі: ӨК кафедрасының доцентінің м.а., т.ғ.к. Рожков А.В.

1 орын: ОП-21-2с тобының студенті Берікбол Мәди Өмірсерікұлы 2023-2024 оқу жылында ҚЕАҚ Д.Серікпаев атындағы ШҚТУ базасында өткізілген Республикалық ҒЗЖ конкурсының **2-кезеңінде** «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» бағыты бойынша 1-орын алды,. Ғылыми жұмысының тақырыбы: «Қарағанды агломерациясы көлігінің негізгі көрсеткіштерін болжау». Ғылыми жетекшісі: ӨК кафедрасының доцентінің м.а., т.ғ.к. Рожков А.В.



СҒЗЖ нәтижесінде алынған ғылыми жұмыстардың қорытындылары тиісті пәндерді оқыту мен курстық және дипломдық жұмыстарды орындауда қолданылады. Кафедрада жыл сайын ғылыми тақырыпқа сәйкес орындалған үздік курстық жоба мен дипломдық жұмысқа арналған конкурстар өткізіледі. Барлық дипломдық жұмыстарда зерттеу бөлімі бар, ал дипломдық тақырыптардың кемінде 25%-ы ғылыми сипатқа ие.

Кафедрада ӨК кафедрасы профессорының м.а., т.ғ.к. Балабаев О.Т. жетекшілік ететін «Теміржол платформаларында астық жүктерін контейнерлерге тиеуге арналған стационарлық көтергіштің дизайнын әзірлеу және зерттеу» бағыты бойынша 1 зерттеу тобы жұмыс істейді. Топ мүшелері: Асқаров Б.Ш. PhD, ӨК кафедрасының доцентнің м.а.; Қасымжанова А.Д. PhD, ӨК кафедрасының доцентнің м.а.; Атькен Е., ғылым магистрі, ӨК кафедрасының аға оқытушысы; Мақсұтова Ж.Қ. ғылым магистрі, ӨК кафедрасының оқытушысы; Омарова Т.Ж., ғылым магистрі, ӨК кафедрасының ассистенті; Қосбармақов С.Ж., ТТД-24-1 тобының докторанты; Бейсембаев Д.М., ТТД-23-2 тобының докторанты.

Нәтиже: стационарлық көтергіштің тәжірибелік үлгісін жинауға арналған конструктивті-техникалық құжаттаманы AutoCAD бағдарламасында әзірлеу жұмыстары жүргізілуде: жүк ұстағыш жақтаудың көлденең арқалықтарының элементтері; жүк ұстағыш жақтаудың тік арқалықтарының элементтері; жүк ұстағыш жақтаудың диагональды арқалықтарының элементтері; жүк ұстағыш жақтаудың біріктіруші тораптарының элементтері.

1.4 Кафедраның инновациялық жобалары мен әзірлемелері

«Өнеркәсіптік көлік» кафедрасы келесі ғылыми бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

1. «Теміржол платформаларында астық жүктерін контейнерлерге тиеуге арналған стационарлық көтергіштің дизайнын әзірлеу және зерттеу».

2. «Тежеу башмақтарын бекітуге арналған құрылғының құрылымын әзірлеу және зерттеу».

Нақты жағдайда практикалық маңызы бар ғылыми жұмыстардың нәтижелері бойынша кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы, докторанттар және магистранттар авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтарды мемлекеттік тізілімге енгізу туралы көптеген куәліктер мен патенттер алды.



1.5 Scopus МҚ және КОКШВО ұсынған журналдардағы жарияланымдар

SCOPUS:

1.5.1. Moldabayev, B.G., Rozhkov, A.V., Balabayev, O.T. Determining basic geometric parameters of the apron conveyor drive. Communications - Scientific Letters of the University of Žilina, 2023, 25(3), беттер B201–B208

1.5.2. Balabayev, O., Askarov, B., Kassymzhanova, A., Beisembayev, D., Sove, A. Experemental study of the system «source of exhaust gas – storage capacity». Communications - Scientific Letters of the University of Žilina, 2024, 26(4), беттер B237–B243

1.5.3. Balabayev, O., Askarov, B., Bulatov, N., Adilova, N., Beisembayev, D. Development of exhaust gas insulation system for quarry diesel locomotives. Mechanics Based Design of Structures and Machines, 2024

КОКШВО:

1.5.4. Молдабаев Б.Г., Рожков А.В., Аскарлов Б.Ш., Балабаев О.Т., Хайбуллин Р.Р. Обоснование конструктивной схемы крутонаклонного карьерного пластинчатого конвейера. - Казахстан, Наука и техника Казахстана, №4, 2023 г.

1.5.5. Аскарлов Б.Ш., Балабаев О.Т., Рожков А.В., Атькен Е., Кенжекеева А.Р. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Мырза» станциясының кірме жолдарына вагондарды беруді зерттеу және оңтайландыру. - Казахстан, Труды университета, №4, 2023 г.

1.5.6. Акашев А.З., Қосбармаков С.Ж. Ашық тау-кен қазбаларында көлік құралдарын пайдалану тиімділігі. - Казахстан, Труды университета, №4, 2023 г.

1.5.7. Нуркушева С.А, Булатов Н.К., Аскарлов Б.Ш., Қасымжанова А.Д., Любимов И.И. Анализ сил в математической модели ножничного подъемника. - Казахстан, Труды университета, №1, 2024 г.

1.5.8. Бекжанова С.Е., Исина Б.М., Қосбармақов С.Ж., Мақсұтова Ж.Қ. Қарағанды темір жол бөлімшесі қызметкерлерінің автоматтандырылған жұмыс орындарын енгізу және жаңарту - Казахстан, Труды университета, №3 – 2024 г.

1.5.9. Атькен Е., Токтамысов А.Б., Кашкимбаев А.М., Иманбаев Д.С., Токтамысова А.Б. Анализ уровня развития мультимодальных перевозок в потенциальных маршрутах «Новый Шелковый путь» - Казахстан, Труды университета, №3 – 2024 г.

1.5.10. Балабаев О.Т., Михайлов В.Ф., Аскарлов Б.Ш., Қасымжанова А.Д., Бейсембаев Д.М. Имитационная 3d модель съёмного оборудования вагон-платформ (рельсовозов) - Наука и техника Казахстана, №3 – 2024 г.

1.6 Индекс Хирша ППС кафедрі «ПТ» (SCOPUS)

К.т.н., и.о. профессор Балабаев Оюм Темиргалиевич

PhD, и.о. доцент Аскарлов Бахтияр Шарापиденович

PhD, и.о. доцент Қасымжанова Айдана Дөненбайқызы